

## 2-ҚОСЫМША.

### Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 5 қарашадағы № 1403 қаулысымен бекітілген «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтау/сақтамау туралы ақпарат

2012 жылғы қарашада «Самұрық-Қазына» АҚ-ның жалғыз акционері – Қазақстан Республикасының Үкіметі өз қолданысын Қорға дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы меншік құқығында Қорға тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымдардың (бұдан әрі – Ұйым) тарататын Корпоративтік басқару кодексіні бекітті.

Корпоративтік басқару кодексінің мақсаттары:

- Қорда және Ұйымдарда корпоративтік басқаруды жетілдіру;
- басқарудың ашықтығын қамтамасыз ету;
- Қордың және Ұйымдардың тиісті корпоративтік басқару стандарттарын ұстануға адалдығын растау.

Корпоративтік басқару кодексі **«сақта немесе түсіндір»** қағидатына негізделген. Демек Қордың Директорлар кеңесі қызметтің ерекшелігін және «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының тиісті Заңын ескере отырып, Қор барлық елеулі аспектілерде Корпоративтік басқару кодексінің ережелерінің көпшілігін сақтайтынын растайды, алайда корпоративтік басқару жүйесі одан әрі жетілдіруді қажет ететініне дәлелі бар.

Корпоративтік басқаруды жетілдіру саласында атқарылған жұмыс осы Жылдық есепті корпоративтік басқару туралы есепте толық баяндалған және мынадай бастамалар белгіленуі мүмкін:

- 2022 жылғы екінші жартыжылдықта корпоративтік басқарудың тиімділігін одан әрі арттыру мақсатында Қор Директорлар кеңесінің мүшелеріне және Қордың негізгі құрылымдық бөлімшелеріне мынадай бес бағыт бөлінісінде сауалнама жүргізу жолымен Директорлар кеңесінің қызметін өзін-өзі бағалауды қоса алғанда, корпоративтік басқаруға бағалау жүргізді: 2) тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит; 3) тұрақты даму; 4) Жалғыз акционердің құқықтары; 5) ашықтық;

<sup>15</sup> 2022 жылғы 7 желтоқсанда «қаулыға өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы негізінде «2021 – 2025 жылдарға арналған жекешелендірудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 29 желтоқсандағы №908 бұйрығы «Тұлпар» вагон құрастыру зауыты «ЖШС» Жолаушылар вагондарын салу зауыты» ЖШС болып ауыстырылды.

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 509, 2022 жылғы 2 тамыздағы № 522 және 2022 жылғы 26 қыркүйектегі № 751 қаулыларымен Қордың Жарғысына және Корпоративтік басқару кодексіне Қазақстан Республикасындағы қолданыстағы мемлекеттік жоспарлау жүйесіне сәйкес келтіруге бағытталған өзгерістер мен толықтырулар енгізілді, «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» 2021 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістерді іске асыру, Қордың жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу тәртібін өзгерту, корпоративтік басқарудың ең үздік практикасына сәйкес Қордың корпоративтік басқару кодексінің нормаларын жетілдіру, оның ішінде Қордың және ұйымдардың алқалы атқарушы органдарындағы, сондай-ақ ұйымдардың Директорлар кеңесінің құрамында кемінде 30% деңгейіне дейін;
- Жаһандық және корпоративтік деңгейлердегі сын-қатерлер мен мүмкіндіктерді талдау негізінде Қордың 2023 – 2032 жылдарға арналған даму жоспарының жобасы әзірленіп мынадай 3 стратегиялық бағытқа назар аударылды: активтер портфелін тиімді басқару, бизнес үшін экожүйе, тұрақты даму;
- Қордың 2023 – 2032 жылдарға арналған даму жоспарына базалық 2021 жылға қарағанда 2032 жылға қарай көміртегі нетто ізін 10%-ға төмендету жөніндегі Қор қызметінің стратегиялық түйінді көрсеткіші енгізілді, бұл ESG қағидаттары мен климаттың өзгеруі мәселелерін ұстанатынын растайды. Қор қызметінің нәтижелері алғаш рет экологиялық тәуекелдер бөлінісінде бағаланатын болады;
- Қордың өндірістік қауіпсіздікті басқару жүйесін жетілдіру, сондай-ақ жазатайым оқиғалардың тәуекелін төмендету бойынша атқарған жұмысының нәтижесінде жарақаттану деңгейі 2021 жылмен салыстырғанда 133-тен 111 жұмыскерге дейін 16%-ға төмендеді. Жарақаттану жиілігінің коэффициенті 0,16 құрады, FAR өлім-жітім жағдайларының коэффициенті 11%-ға төмендеп, 2021 жылғы 2,93-пен салыстырғанда 2,60-ты құрады;
- Қор мен портфельдік компаниялар қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету және Директорлар кеңесіне қажетті ақпаратты уақтылы ұсыну мақсатында басқарма тоқсан сайын Директорлар кеңесінің қарауына портфельдік компаниялармен Қор қызметінің шоғырландырылған нәтижелері туралы ақпарат шығарады;
- Мемлекет басшысының 2022 жылғы 11 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің отырысында берген тапсырмасын орындау үшін Қор сатып алудың ашықтығын арттыруға және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға, жергілікті өндірушілер мен жеткізушілерді қолдауға, сатып алуды жеңілдетуге және бизнес үшін кедергілерді жоюға бағытталған Сатып алуды жүзеге асырудың жаңа тәртібін бекітті;
- Қордағы және компаниялар тобындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсатында «Самұрық-Қазына» АҚ портфельдік компанияларындағы комплаенс функциясы бойынша корпоративтік стандарт бекітілді, комплаенс функциясы бойынша ұқсас ішкі құжаттар тобын компаниялардың Қор компаниялары тобы бойынша комплаенс функциясын жүзеге асыру тәсілдерін біріздендіру мақсатында әзірлеу үшін әдіснамалық негізді айқындайды; Қордың комплаенс процестерінің «Парақорлыққа қарсы күрес менеджменті жүйесі» ISO 37001 стандартының талаптарына сәйкестігін бағалау жүргізілді; Қордың 7 ірі портфельдік компаниясында комплаенс функциясының жетілуіне бағалау жүргізілді; Қордың және портфельдік компаниялардың қолдануы үшін үшінші тұлғаларды тексеру жүйесі автоматтандырылса; «Самұрық-Қазына» АҚ-ның жаңартылған Сатып алуды жүзеге асыру тәртібін ескере отырып, ЭСАЖ жүйесінде тіркелген әлеуетті өнім берушілерді тексеруге қойылатын талаптар әзірленді;
- Адами капиталдың құнын арттыру, қолайлы жағдайлар жасау және еңбек нарығының бәсекеге қабілеттілігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында жаңа редакцияда Қорға және Қордың еншілес компанияларына қолданылатын «Самұрық-Қазына» АҚ Кадр саясаты бекітілді.

Қор Қорда корпоративтік басқаруды жетілдіру бойынша жұмысты жалғастырады, тиісті корпоративтік басқару стандарттарын ұстануға бейімділік көрсетіледі, басқарудың ашықтығы қамтамасыз етіледі және Қордың Жалғыз акционерімен өзара қарым-қатынасты одан әрі жетілдіру, Директорлар кеңесі мен Қор Басқармасы қызметінің тиімділігін арттыру бойынша тиісті шаралар іске асырылуда.